



Вальтер СКОТТ

ПУРИТАНДАР



Әлем әдебиеті кітапханасы



“МӘДЕНИ МҰРА”
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
КІТАП СЕРИЯЛАРЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ
НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ
БАСТАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

АСТАНА
2007

“МӘДЕНИ МҰРА”
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫН
ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ
ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТІҢ ҚҰРАМЫ

Әшімбаев М.С., кеңес төрағасы
Асқаров Ә.А., жауапты хатшы
Абдрахманов С.
Аяған Б.Ғ.
Әбусейітова М.Қ.
Әжіғали С.Е.
Әлімбаев Н.
Әуезов М.М.
Байпақов К.М.
Биекенов К.Ү.
Бұрханов К.Н.
Досжан А.Д.
Ертісбаев Е.Қ.
Есім Ғ.
Қасқабасов С.А.
Қошанов А.
Нысанбаев Ә.Н.
Салғара Қ.
Самашев З.
Сариева Р.Х.
Сейдімбек А.С.
Сұлтанов Қ.С.
Тұяқбаев Қ.Қ.
Түймебаев Ж.Қ.
Хұсайынов К.Ш.
Шаймерденов Е.

Вальтер СКОТТ

ПУРИТАНДАР

элем әдебиеті кітапханасы

Аударма

ББК 84 Шотл 7-44

С 46

**“Мәдени мұра” мемлекеттік бағдарламасы
көркем әдебиет секциясының мүшелері:**

Кекілбаев Әбіш (*серияны құрастырушы*), Абдрахманов Сауытбек
(*төраға*), Әбдіков Төлен, Асқаров Әлібек, Бельгер Герольд,
Елеукенов Шерияздан, Нұрғали Рымғали, Нұрпейісов Әбдіжәміл,
Михайлов Валерий, Мұртаза Шерхан, Мырза Әли Қадыр,
Оразалин Нұрлан, Сүлейменов Олжас, Тарази Әкім,
Шапай Тұрсынжан, Юсупов Кеңес.

Орыс тілінен аударғандар
Бекділдә Алдамжар, Бекболат Әдетов

С 46 **Скотт Вальтер.** Пуригандар. *Роман.*
Астана: Аударма, 2007. – 448 бет.

ISBN 9965-18-221-3

ББК 84 Шотл 7-44

ISBN 9965-18-221-3

© Қазақша аудармасы,
Алдамжар Б., Әдетов Б., 2007
© “Аударма” баспасы, 2007

АЛҒЫ СӨЗ

Вальтер Скотт!

Айвенго!

Роб-Рой!..

Бала кезден құлаққа сіңіп, жүректе жатталған есімдер. Бірі – жазушы, бірі – оның қуатты ойынан туған кейіпкері екенінде шаруамыз жоқ, кәдімгі өзіміздің Сәрсенбайларымыз бен Бейсенбайларымыздай-ақ жақын тартып, бауыр басқан жандарымыз. Кім болғаның, не істеп, не қойғанын жарытып біле қоймасак та, әр ауыздан естігеніміз бар, әр-әр жерден көзімізге түсіп, көңілімізге басылғаны бар, әйтеуір бөтен емесін білеміз, жатсынбаймыз. Ұлы жазушылар мен олардың қиялынан туған көркем бейнелердің, өстіп, бір туғанындай боп, жүрегіннің қастерлі төрінен орын алатыны, біле білсек, зор бақыт.

Ал Вальтер Скоттың ұлы жазушы екеніне ешқандай шек жоқ, оны бүкіл дүние мойындаған. “Сандалтып, Орта жүзді әнмен қырған”, – деп Сара ақынның Біржанды асқақтататынындай, оның әуелі барша Еуропаны, содан соң сегіз қиыр шартарапты түгел тәнті етіп, көркем сөздің құдіретімен баурағанына екі ғасырдың жүзі болды. Содан бергі уақытта ол өзінің сүйікті атамекенін – кішкентай ғана Шотландиясын әлемге тегіс танытты, тіпті әдеби дамудың бүтіндей бір дәуірі соның атымен аталатын болды.

Шотландияның астанасы Эдинбургте 1771 жылы туған Вальтер Скотт әкесінің тілегі бойынша заң ғылымдарын оқып, адвокат атағын алған соң біраз жыл Эдинбург сотында хатшы болып, кейін таман округтың шерифі қызметін атқарған. Бірақ жүрегіннің түкпіріндегі “жанайын деген бір шырақ” (Ғали) оның жанын алаулатып, әдебиет ауылына қарай тартады да тұрады.

Әуелі қаламын өлеңмен ұштаған ол Еуропа тарихының желісімен көлемді поэмалар жазып, Англияның бас ақыны дәрежесіне дейін жетсе де, бұл саладағы біріншілікті ешбір қиналмай Байронға тапсырып, өзі тарихи романдар жазуға біржолата бет бұрады. Содан 1832 жылы көзі жұмылғанға дейін оның қаламынан отыздан аса романдар мен повестер және тарих пен әдебиет мәселелеріне арналған толып жатқан мақалалар мен кітаптар туды. Солардың ішіндегі ең әйгілісі әрі жазушының өзі де жоғары бағалаған шығармасы – осы “Пуритандар” романы. Ағылшын тілінде, яғни түпнұсқасында бұл “Old Mortality” (“Әлдеқашан өлгендер”) деп аталса, біз білетін аты – “Пуритандар”. Сондықтан әуелі “пуритан” сөзінің байыбына барып алайықшы.

Әсілі, дін атаулының бәрі жақыныға жақсылық істе, алысыңды алалама, өтірік айтпа, ұрлық қылма, нашарға өктемдік жасама, кісі қанын жүктеме деген сияқты адами асыл қағидаттарға сүйенетініне қарамай, шежірелі тарихтың да, таңбалы тарихтың да білетіні – дүниедегі үлкенді-кішілі соғыс атаулының дені (бәрі деп күпірлік айтпай-ақ қояйық) діни алауыздықтардан, дін үстемдігін орнатуды көкसेген астамшылықтан болғаны тандандырмай қоймайды. В.Скотт өмір сүрген жылдардың аз-ақ алдындағы Еуропа тарихында да соның іздері жосадай боп сайрап жатыр. Міне, дәл сол кезде, құрылықтың бірталай елдеріндегі сияқты, Англияда да Реформация басталды. Рухани жағынан да, саяси тұрғыдан да Римге бағынышты болып келген Еуропа енді қарсылық жолына түсіп, қым-қиғаш соғыстарға қилікті, күнәкарлық пен екіжүзділікке белшесінен батқан шіркеу ақиқат дінді аяққа басты, қорлады деп сенгендер рим католицизміне қарсы бас көтерді. Олар шіркеуді реформалауды талап еткендіктен реформаторлар деп, қарсылық (протест) жасағандары үшін протестанттар атанды. Мақсат-мүдделері діннің Құдай беріп, Тауратта тұжырымдалған бастапқы тазалығын қайта орнату болғандықтан ағылшын протестанттарын жұрт пуритандар деп атады (pure – ағылшынның таза деген сөзінен). Әрине, кез келген қимыл қарсы қимыл туғызатыны белгілі – бұл арада католиктерді (Иаков), парламенттің оларды жақтаушы қанатындағы торилер мен қарсыластары вигтерді, сондайда қаулап шығатын әр алуан діни ағымдарды, секталарды т.т. қоса айту керек (“Ел бұзылса, табады шайтан өрнек” деген Абайдың сөзін еске алыңыз). Романның негізіне алынған 1679 жылғы оқиғалар осындай қым-қуыт қоғамдық қатынастардан туындап, пуритандар мен роялистердің Босуэл көпірінің үстіндегі кескілескен шайқасымен шарықтау шегіне жетеді. Пуритандар жеңілді, көтеріліс жаншылды. Халықтың әлеуметтік әділетсіздікке деген буырқанған кегі іште кетті. Бірақ ол өлмек емес, оның өртеніне жаңадан өрімтал өсіп, жаңа күш белең алады. Тарихтың тапжылмас заңы – осы. “Пуритандардың” өн бойынан тарайтын кенеулі ой да осындай.

Қаншалық қиындықтар, өзекті өртеген өкініштер. Жеке кейіпкерлердің, дара тұлғалардың басына түскен ауыртпалық қалың халық бұқарасының

тартқан азабына, көрген қорлығына ұласады. Әрине, осының бәрі әртүрлі әлеуметтік жіктердің өкілдері арқылы, солардың іс-әрекетін, тағдыр-тауқыметін, арман-мүддесін көркем кестелеген ажарлы да айшықты суреттер арқылы беріледі. Бұл – романның негізгі кейіпкерлері: ең абзал адамгершілік қасиеттерге ие, досқа адал, сертке берік, жас та болса жасамыс деуге лайық Генри Мортон мен лорд Эвенделдің, пәк сезім мен таза махаббат иесі Эдиттің, кескілескен ұлы майданның да, саяси және адамгершілік пайымының да кереғар екі басындағы кесек тұлғалар, дара мінезді, алқын-жұлқын адуын қимылды полковник Клеверхауз бен Джон Белфур Берлидің, “малға жарлы болса да” арға таза, аңқылдаған ақкөңіл, баз бірде балаша аңқау көрінгенімен, бас пайдасына келгенде есесін жібере қоймайтын есепшіл, өмірде соқа айдап, жер жыртқаннан артық кәсіп жоқ деп санайтын шаруагер Каддидің, оның ерке назды, еркін ойлы ғашығы, жар қосағы Дженнидің және басқа да ірілі-ұсақты кейіпкерлердің басынан өтетін шырғалаң оқиғалар. Паундтекст, Мак-Брайер, Тимпан, Ызақор Аввакум сықылды бірөңкей дін уағызшыларының бірде күлкілі, бірде күйінішті іс-әрекеттері. Романның өн бойына өзек болып өрілген леди Маргарет, Эдит, Дженнилермен бірге жеке көріністерде ғана қылаң беріп, бірақ толымды, толыққанды бейнелері арқылы оқырманның есінде тайға таңба басқандай боп қалып қоятын Элисон Уилсон мен Бесси Мак-Люр секілді әйел тұлғалар галереясы өз алдына бір төбе. Бұл ретте әсіресе бас кейіпкер Генри Мортонның жолында бір-ақ кездесіп, оған (демек, оқырманға да) үлкен әсер ететін әрі жесір, әрі зағип кемпір Мак-Люрдің орны бөлек. Роман кейіпкерлерінің бірі Нийл Блейн айтатындай, “өмірдің тауқыметін тартудай-ақ тартқан, қуғын-сүргін кезінде екі ұлына, тек қарап тұрғандай көркі бар екі арысынан айырылған, сонда да ешкімді қарғап-сілемей, ешкімге кінә тақпай-ақ, қайғысын үн-түнсіз көнтерілікпен көтерген” бұл кейуана өзінің ұстамды мінезімен, орнықты ойларымен бүкіл шығарманың темірқазығына айналғандай әсер қалдырады. “Егер бұл жалғанда қадірменді бір әйел болса, сол осы Бесси Мак-Люр болар-ау” дейтін Нийл Блейннің сөзі көп жайды аңғартса керек. Шынында, бүлікшілердің қаһарынан қорқып бірде-бір адам рақымшылық жасамаған ауыр жаралы лорд Эвенделді – шынтуайтында өзінің қас жауын – үйіне түсіріп, өзгелерден жасырып емдомын жасап, сауықтырып, қатарға қосатын жарлы-жақыбай пресвитериан әйелдің мейірімі мен қайырымы нағыз халықтық қасиеттің жарқын көрінісі екені даусыз. Сонысына бола ол өз табындағы адамдардың күстәналаған сөздерін де естиді: “...олардың айтуынша, екі ұлымды бірдей айуандықпен өлтірген қаныпезерлердің біреуін құтқарып қалғаным үшін менде аналық мейірім де жоқ болса керек” дейді ол.

Міне, В.Скоттың пайымдауында тарих ұғымы адамгершілік ұғымынан екі елі ажырағысыз дейтін тұжырым осыдан келіп шығады. Өзі айтпақшы, ол “Пуритандар” романында “ашынудың әбден шегіне жетіп, өзінің ең басты және ең қасиетті құқықтарын қорғау үшін қан майданда немесе дар

ағашында өмірін қиған шотланд шаруасының жағдайын ашып көрсетуді” мақсат еткен. Ал романды оқыған әрбір адам (ондайлардың саны күні бүгінге дейін сан миллиондап саналатыны сөзсіз) жазушының бұл міндетін еселеп орындағанына көз жеткізе алады. Олай болатыны – мұнда ол өзі өмір сүрген кезеңнен бір ғасыр бұрынғы діни қақтығыстардың алапат майданы болған Еуропада, оның шағын бір бөлшегі – Шотландияда бұрқ ете түскен көтерілістің себептері мен қозғаушы күштерін және оның қандай қақтығыстарға ұласып, адамдардың тағдыр-талайына қалай әсер еткенін жан-жақты суреттей отырып, тұтастай бір дәуірдің көркем бейнесін жасаған. Бұрын-соңғы ой алыптарының қай-қайсысы да В.Скоттың бұл шығармасын нақты шындық пен көркем шындықтың тамаша үйлесімі деп атауы тегін емес.

Енді “Пуритандардың” қазақша аударылуы жайында бір-екі сөз. Жақсының жақсылығын айту – парыз. Ресейде бұл, В.Скоттың басқа романдары сияқты, XIX ғасырдың алғашқы жартысында-ақ аударылған екен. Содан бері ол орыс тілінде қанша рет басылым көрді десеңізші! Ал біздің қазақ оқырмандары жазушының атына әлдеқашан қанық болғанымен (осы арада қазақтың “Жақсының аты алдында жүреді” дегенін қалай еске алмассың!), оның айбынды батыр Айвенгосынан басқа кейіпкерлерімен етене таныс болыпты дегенді естігеніміз жоқ. Бұл да біздің жайбасар керенаулығымызды, қанша керемет болдық десек те, талай жұрттың әлдеқашан жеткен биігіне әлі жете алмай келе жатқанымызды көрсетеді. Дегенмен ештен кеш жақсы, ұлы жазушының ең атақты романы қазақ даласына жол тартып барады, қабыл алыңыз, қадірлі оқырман!

Бекболат ӘДЕТОВ

ВАЛЬТЕР СКОТТ

ПУРИТАНДАР

P O M A H

Өткен ғасырдың аяғында Шотландияда аты-жөні жұртшылыққа жақсы таныс “Қорымшы Шал” дейтін бір көшелі адам болды. Оның шын аты-жөні Роберт Патерсон еді. Елдің айтуынша, Дамфризширдағы Клозберн дейтін шіркеуге қарасты жердің тумасы болған оның мамандығы тас қашаушы болса керек – әйтеуір қолының місекері бар ол қаршадайынан-ақ тас шабатын шаппашот ұстап, осы кәсіпке үйірсек болған көрінеді. Бірақ оның өз үйі, өлең төсегінен безе жөнеліп, Шотландияның ой-қырын жиһангезше шаршамай-шалдықпай шарлауына себеп болған нәрсе – оның отбасында болған келіспеушілік пе, әлде өз парызын барынша тереңінен, жан дүниесімен түйсінуі ме, ол жағы беймәлім. Жұртқа белгілісі – ол осы жиһангездікке жоқ-жітік болғандықтан бел бумаған. Себебі ол өзіне қалталы біреулер ұсынған пұлдан үзілді-кесілді бас тартатын. Тек өзіне жылы қабақ көрсетіп, оң ниетпен қонақ қылған үйлерде ғана мейман болатын. Ал енді ешкім үйіне шақыра қоймаған жағдайда, оның қалтасында азын-аулақ ішім-жеміне төлейтін пұлы жететін-ді. Сіздердің назарларыңызға ұсынылғалы отырған осы романның “алғашқы” тарауында оның сыртқы кескін-келбеті мен ең сүйікті – дәлірек айтқанда, жалғыз – кәсібі егжей-тегжейлі сипатталады.

Осыдан отыз жыл бұрын, тіпті одан да ілгеріде болар, осы жолдардың авторы онымен Даннотерде кездескен еді. Ол Даннотер қорғанының құлаған орны мен соған жақын жердегі бағзы замандардың ескерткіштерін көрсем деп, бүгіндері о дүниелік боп кеткен оқымысты ғалым әрі осы шіркеудің священнигі, марқұм мистер Уокерге бірер күнге барған жолы Даннотер қорымында әлгі жаратылысы бөлекше адаммен кездескен де болатын. Өзін өмір бойы ел кезіп, жиһангездікке салынуға итермелеген, сүйікті кәсібі – тас қашаумен айналысып Қорымшы Шал да сонда жүр екен;

оның өйтетін себебі де бар-ды, өйткені ол кездері *ковенант-шылдарға* жаулықпен қарайтын Даннотердегі қамал мен шіркеу жанындағы қорым Мернс округының құзырына қарасты болса да, *камерондықтар II Иаков* билік құрған заманда өздерінің арғы ата-бабаларының тартқан азабы мен көрген ақыреті үшін бұларды өзіндік бір киелі орын деп санайтын.

1685 жылы, *Аргайл* Шотландияның жағалауына түспекке қоқан-лоқы жасап, *Монмут* Англияның Батысына басып кірем деп дайындалып жатқан кезде Шотландияның Құпия кеңесі әлгіндей екі жақтан төніп тұрған қауіпті ескеріп, елдің оңтүстігі мен батыс провинцияларында тұратын жүзден астам адамды діни көзқарастарына байланысты үкіметке дұшпан деп біліп, балашағасымен бірге тұтқындауға бұйрық берген-ді. Содан тұтқындарды, құдды бір өгіздердің табыны сияқтандырып, солтүстікке қарай айдап жөнелсін – айтпақшы, адам баласы өгізге де жанашырлық жасайды ғой, ал мына міскіндердің өлген-тірілгенінде ешкімнің жұмысы да болған жоқ. Ақыр соңында оларды Даннотер қамалының зынданына апарып бір-ақ тоғытты, оның сығырайған терезелері Солтүстік теңізінің үстінен асқақтай барып төніп тұрған жартастардан ойып салынған болатын. Бұл сорлылардың жолшыбай көрмегендері жоқ: оларды солтүстіктің *прелатшылдары* әбден жәбірлеп, мазақтап бақты; өздерінің кәсіптерін өлердей жек көретіндерді барынша кемсітіп қалу үшін желөкпе скрипкашылар мен волынкашылар, құдды бір тамашаға жиналғандай, айдау жолдың үстіне жан-жақтан анталап қаптай шығып, әбден айыздары қанғанша әлгі байғұстарды келемеждеп, барынша қорлап, сықақтап өлең айтып, іздерінен қалмай, еріп отырды. Тіпті қапас зынданда жатқанда да оларға маза болған жоқ. Күзетшілер оларға аздап жәрдем етсе де, тіпті қара су берсе де, пұл сұрап кеуделерін керді, ал кейбір тұтқындар бұған көнбей, құдайдың қара суы үшін ақша сұрауға болмайтынын, өйткені судың тіршілік үшін қажеттігін айтып наразылық көрсетсе, түрмешілер “жәдігөй вигтерге су әкеп беруге тиісті болсақ та оларға құмыра мен саптыаяқты ақы-пұлсыз беріндер деуге ешкімнің қақысы жоқ” деп, әкелген суларын түрменің тас еденіне төгіп тастайтын.

Бүгінге дейін “Вигтер зынданы” деп аталатын сол түрмеде тұтқындардың көбі әдетте осындай жерде көп тарайтын аурулардан өлді, ал басқалары адам төзгісіз тар қапастан қашып шығамыз деп аяқ-қолдарын сындырды, кейбірі күл-талқаны шығып мерт болды. Төңкерістен кейін осы байғұстардың молаларының басына дос-жарандары лайықты эпитафия жазылған құлпытас қойды.

Осы азапкер *вигтер* көмілген қорымды олардың ұрпақтары, қандай қиян жерде жүрсе де, аса қадірлейді. Менің досым, аса қадірменді мистер Уокер, осыдан қырық жылдай бұрын, Оңтүстік Шотландияны аралап жүрген кезінде, Дамфриздің маңындағы Лохар Мүктері деп аталатын жалпақ жапанды айқыш-ұйқыш кесіп өтетін тарау-тарау жолдар мен соқпақтарға тап болып, адасып кеткені жайында әңгіме айтқаны бар еді. Жер жайын білетін адамның жәрдемінсіз ол маңайдан жол тауып шығу тіпті мүмкін еместей. Ал оған кездескен адамдардың бәрі торф қазып, сіңбіруге мұршасы келмей жатқандықтан, жолбасшылыққа алатын адам таба қою да оңай емес-ті. Ақырында мистер Уокер мерн ауыз екі тілінен едәуір айырмашылығы бар оңтүстік диалектінде жол бағдарын айтқан азын-аулақ дерек алғандай болыпты. Содан не істерін білмей дал болып тұрғанында ол, өзгелер сияқты қыстық отынға деп торф қазып жатқан қондылау бір фермерге кездесіп жағдайын айтыпты. Алғашқыда ол шал да шаруасының тығыз екендігін айтып, көніңкіремесе керек, бірақ мұның мәртебелі адам екенін көріп және қысылтаян жағдайда қалғанын түсініп:

– Сіз, мырзам, священниксіз бе? – деп сұраған.

Мистер Уокер “иә” деп жауап береді.

– Сөйлеген сөзіңізге қарағанда, солтүстіктенсіз ғой, шамасы?

– Дәл солай, бауырым, – деді священник.

– Сіз осы Даннотер деген жер туралы ештеме естіген жоқсыз ба?

– Ол жайында аз-кем білетіндей жөнім бар, бауырым, – деді мистер Уокер, – мен ол жердегі шіркеуде көп жыл бойы священник болғанмын.

– Е, солай деңіз, – деп, дамфризширлік енді дәудірлеп сөйлей бастады. – Ондағы қорымда менің жақын бір туысым жатыр, әрі басына қойылған құлпытас бар деп естимін. Сол ескерткіштің қандай күйде екенін білсем деймін ғой.

– Сіздің туысыңыз, шамасы, “Вигтердің зынданында” шейіт болғандардың бірі шығар. Олардан басқа біздің қорымда жерленген оңтүстіктің адамдары шамалы және менің білуімше, олардың басында ешқандай құлпытас жоқ.

– Ол рас, ол рас, – деді камерондық (қарт фермер солардың сектасынан болатын). Ол күрегін жерге қойды да, үстіне күрте-шесін киді, содан соң күндізгі *сабағы* қаза болса да священникке жолбасшы болатындығын шын ықыласымен білдірді. Мистер Уокер болса, өз айтуынша, оған құлпытаста жазылған сөздерді жатқа оқып беріп, еңбегін артығымен өтепті. Азапкер бауырлардың

арасынан өз атасының яки бабасының атын естіп, мәз болған шал мистер Уокерді қауіп-қатері жоқ, қатқақ жолға шығарып салыпты да, ол ұсынған пұлдан бас тартыпты, тек одан құлпытастағы эпитафияның көшірмесін беруін ғана өтінген көрінеді.

Осы әңгімені естіп, әлгі құлпытасты қарап шығып, мен Қорымшы Шалды сонда алғаш рет көрген едім; ол өзінің үйреншікті ісімен болып, зират басына қойылған тас тақтайшалардан өсіп кеткен мүкті қырып, ондағы өрнектер мен эпитафияны жөндеп жатты. Оның сырт келбеті мен үстіне киген киімі осы романда қалай сипатталса, дәл сондай еді. Менің осы бір ерекше жанмен жақынырақ танысқым келді және соның орайы келер-ау деген үмітте болдым, өйткені Қорымшы Шал өзге діндерге онша жаттығы жоқ пастордың үйінде жатады екен. Бірақ мистер Уокер оны түскі тамақтан соң бізбен бірге бір стақан арақ ішіңіз деп шақырғанымен, жұрттың айтысына қарағанда, ондайды аса жек көрмейтін шал өзінің үнемі істейтін кәсібі жөнінде ашылып сөз айта қоймады. Көңіл күйі онша болмай, бізбен әңгімелесуге ықыласының жоқтығын ашық білдірді.

Ол Эбердиндегі шіркеулердің бірінде болғанында регенттің камертон-сыбызғы сықылды бірдеңемен псалом айтқызып тұрғанын көріп, қатты ашуланған еді: Қорымшы Шалға бұдан асқан күпірлік жоқ сияқтанды. Оның үстіне, өзі бізден де қатты қысылған болуы керек; оның үстіне, бәлкім, ол Теріскей Шотландиядан шыққан пастор мен өндірдей жас сот қызметшісінің қойған сұрақтары өзінің өміріне қатысты жайларды білуден гөрі жай ғана қызығушылық болар деп күдік алып қалған сияқты. Ақырында, *Джон Беньянның* сөзімен айтсам, Қорымшы Шал өз жөнімен кетті де содан былай мен оны көрген емеспін.

Осы бір үнемі ел ақтап жүретін кезбенің түр-тұрпаты мен кәсібін, өзім талай-талай әртүрлі деректер алған, Дамфризде акциз бақылаушысы боп қызмет істейтін жақсы досым мистер Джозеф Трен бір әңгіме үстінде қайтадан есіме салды. Сол бір ерекше адамның қалай қайтыс болғандығын, сондай-ақ осы романда айтылатын басқа да жай-жапсарларды мен содан білдім. Оның айтуынша, Қорымшы Шалдың шөбере-шөпшектері әлі де бар екен әрі қабілеттері мен ар-ождандары аса жоғары оларды ел-жұрт аса қадірлейтін көрінеді.

Осы беттер тасқа басылып жатқан кезде әр нәрсеге қызыққыш мистер Трен маған қаптаған қалың шаруасынан қолы қалт ете қалғанда аса сенімді дерек көздерінен жинаған мынадай бір хабарын жеткізді:

“Мен Гленкенсте жиі бола жүріп Қорымшы Шалдың Балмак-леллан дейтін кішкене бір қыстақта тұратын ұлы Роберт Патерсонмен өте жақын таныстым. Жасы жетпісті алқымдап қалса да, ол әлі де ширақ, жады деген жазылып қалған хаттай, лауазымы мен тұрмыс-тіршілігі пәлендей еместігіне қарамастан білімі де бір басына жетерлік. Өзінің марқұм әкесі мен оның осы күнгі көзі тірі ұрпақтары жөнінде маған айтқан сол еді.

Қорымшы Шал деп атанып кеткен, *alias*¹ айтсақ, Роберт Патерсон он сегізінші ғасырдың алғашқы жартысында Ховик шіркеуіне қарасты Хаггиша фермасында тірлік кешкен Уолтер Патерсон мен Маргарет Скоттың ұлы екен. *Естен кетпес 1715 жылы* осы жерде Роберт дүниеге келген көрінеді.

Бала-шағалы отбасының ең кенже ұлы ретінде оны бала кезінде-ақ сэр Лохмабенге тақау тұстағы Корнкокл дейтін қу медиендегі кішкене ғана жерді эпплгарстық сэр Джон Джардиннен жалға алып отырған ағасы Фрэнсиске беріпті. Ол осы жерде сэр Джон Джардиннің бағбаны Роберт Грейдің қызы Элизабет Греймен танысып, ақыр соңында соған үйленіпті. Оның келіншегі клозберндік сэр Томас Керкпатриктің үйінде ұзақ уақыт бойы аспазшылықта жүріпті, сол үшін сэр Томас оның күйеуіне Мортон прихольдына қарасты Гейтлоубригтегі тас кенішін жеңілдік шартымен игеруге герцог Куинсбериден рұқсат алып берген. Ол осы арада үй салыпты, жылқысы мен сиырларын жайып, бағуға жетерлік жері де болыпты. Маған дерек беруші адам оның әкесі Гейтлоубригке қашан қоныстанғанын сенімді түрде дәл айтып бере алмады, бірақ ол мұның 1746 жылға дейін болғанына сенімді еді, өйткені оның шешесі, деді ол, 1740 жылғы сақырлаған сары аяздың кезінде әлі де сэр Томас Керкпатриктің қызметінде жүрген. *1745-46 жылдың қысында* Англияға қайтып келе жатқан таулықтар Глазгоға баратын жолда мистер Патерсонның Гейтлоубригтегі үй-жайын тонап, өзін тұтқын етіп алып кеткен де тек Гленбекке жеткенде қоя берген. Оған себеп болған нәрсе – ол осы қаңғыбас әскердің бір адамына олардың шегінетінін алдын ала білуге болатын еді депті, өйткені тек күнәға белшесінен батқан қанқұмар Стюарттар әулетіне ғана емес, сонымен бірге Рим шіркеуінің күпірлік істеріне қолдау көрсеткісі келетіндердің бәріне бағытталғанын айтыпты. Бұдан Қорымшы Шалға қаршадай кезінен-ақ діннің соқыр сенімі қатты әсер етіп, кейіннен оның мінез-құлқының айрықша белгісіне айналғанын көруге болатын-ды.

¹ *alias* – басқаша (*лат.*)

Ол кезде “таулықтар” немесе камерондықтар деп аталатын секта оның негізін салушы Ричард Камеронға еліктеген мүшелерінің мінез-құлқындағы каталдығы мен ар-ұятының тазалығына байланысты кеңінен танымал болып тұрған, сондықтан Қорымшы Шал да осы ілімнің жолына құлай берілген болатын. Ол Гэллоуэйге жиі барып, камерондықтардың ғибадат жиындарына жиі қатысатын болды да, реті келгенде о дүниелік болған діндарларды мәңгі есте қалдыру үшін өзінің Гейтлоубригтегі тас кенішінен құлпытас соғатын тастарды ала келетінді шығарды. Бірақ Қорымшы Шал бір көзін көкке қадап, екінші көзімен мына пәни жалғанда не болып, не қойып жатқанын бағып тұратын екіжүзді жәдігөй емес-ті. Өзінің діни құлшынысы арта түскен сайын оның Гэллоуэйға сапары да жиіліп кетті де, көп кешікпей ол бір отбасының иесі екендігін де ескере бермейтін болды. Шамамен 1758 жылдан бастап ол Гейтлоубригте тұратын әйелі мен бес баласына келуді де доғарды, сол себепті әйелі он екіге жаңа толған ұлы Уолтерді әкесін іздетіп Гэллоуэйге жіберуге мәжбүр болды. Бенкоридың Ник пен Борульондағы Феллға дейінгі аралықта жатқан ұлан-байтақ жерді шарлап шыққан бала Керкедбрайт қаласының қарсысында, Дидің батыс жағалауына орналасқан Керккристиегі ескі қорымда камерондықтардың құлпытастарын қалпына келтіріп жүрген әкесін әрең дегенде іздеп тапты. Кішкентай жиһангез қолынан келген амал-айласын жасап, әкесін үйіне қайтармаққа бар күшін салып бақты, бірақ оның бәрі құр әурешілік болды да шықты. Енді миссис Патерсон әкелерін іздеп тауып, үйге қайтаруға үгіттеу үшін Гэллоуэйға қыздарын жіберіп еді, онысынан да дөңең өнбеді. Ақыр соңында амалы құрыған әйел 1768 жылдың жазында Гленкенске жақын таулы жердегі Балмакклеллан дейтін бір шағын қыстаққа көшіп барып, онда кішігірім мектеп ашып, содан түскен пайданы үйелменді отбасына жаратып, мұңсыз-қамсыз тіршілік етіп жатты.

Таудағы үй деп аталатынға жақын маңдағы Калдон дейтін фермада кішкентай бір жәдігерлік сын тас бар; оны *II Карл* патшалық құрған кезде бұрқ ете қалған азамат соғысында өз дінін қорғап шәһид болғандарды есте қалдыру үшін Қорымшы Шал соққан алғашқы жәдігер деп, камерондықтар аса қатты қадірлейді.¹

¹ Осы үйді капитан Орчард, басқаша айтқанда Уркхарт, шабуыл жасап басып алған еді. Ол осы шабуылдың кезінде оққа ұшқан-ды. (Осыдан бастап жасалатын ескертпелер автордікі.)

Калдон фермасынан кейін уақыт өте келе Қорымшы Шал өз әрекетін Шотландияның жазық алқаптарына түгелге жуық таратты. Эрширдегі, Гэллоуэйдің немесе Дамфризширдегі барлық қорымдарда дерлік оның қашап соққан құлпытастарын күні бүгінге дейін көруге болады. Өлім эмблемасының тұрпайылау түрі мен қалай болса солай шабылған тастарға ойып жазған сөздерінің қарабайырлығына қарап, оларды өзге шеберлердің жұмысынан оңай ажыратуға болады. Ешкімнен ақы-пұл алмастан, зират басына қойылған тастарды қалпына келтіру, оларды орнату осы бір ерекше адамның қырық жыл бойғы бірден-бір кәсібі еді. Ол қай кезде, қай уақытта келсін, кез келген камерондықтың есігі ашық болатын, олар Қорымшы Шалды ең бір ет жақынын көргендей қуана қарсы алатын; дегенмен марқұмның әртүрлі қағаздарының ішінен табылған мына бір жазбаларға қарап (олардың кейбірі менің қолымда да бар), оның бұл меймандостықты үнемі пайдалана бермегендігін айқын көруге болады:

***Флиттегі күзетші үйі, 1796 жылғы ақпанның төрті.
Роберт Патерсонның Маргарет Кристейлге берешегі***

	<i>Фунт</i>	<i>Шиллинг</i>	<i>Пенс</i>
Жеті апта бойы берілген құрғақ жатын орын үшін	0	4	1
Төрт өлшем арпа ұны үшін	0	3	4
Алты өлшем картоп үшін	0	1	3
Мистер Рейдті шоқындырған күні алған қарызы	0	6	0
Бор сатушы Сэндиден ³ алған үш саптыаяқ сыра үшін	0	0	9
	0	15	5
<i>Төленгені</i>	<i>0</i>	<i>10</i>	<i>0</i>
<i>Қалғаны</i>	<i>0</i>	<i>5</i>	<i>5</i>

³ Жұртқа белгілі қылжақбас, ол қазірде де бар, жұрт оны Бор сататын Кәрі Қап деп атайды, ол фермерлердің қойларына ең-таңба басатын бормен сауда жасайды.

Осы есепшот жиһанкезіміздің қартайған шағында аса мұқтаждықта болғанын көрсетеді; бірақ бұған жағдайдың қалыптасуы емес, оның өзі кінәлі еді, өйткені осында сөз болып отырған кезде ішкені алдында, ішпегені артында боп тұрған оның балалары кәрі әкесін асырай алатын да еді; бірақ ол ешкімнің үгітіне де, жалынғанына да құлақ аспай, ел кезіп тірлік етуін қоймады. Өмірінің ақыр соңына дейін тапалтақ пони атқа мініп ап, бір қорымнан екінші қорымға барумен жүрді, сөйтіп, өзінің романда жазғандай, 1801 жылғы ақпан айының он төрті күні сексен алты жасында қайтыс болды. Оның мүрдесі табылған бойда Балмаклелланда тұратын ұлдарына әкесінің өлгені жайында дереу хабар жіберілді, бірақ сол жылы қар қалың түскендіктен, оның қалай өлгені туралы егжей-тегжейлі жазылған хат жолшыбай кідіріп қалды, соның себебінен ел-жұрт оның жақын туыстарының Бенхиллге келуін күтпестен, мәңгі жиһангезді жер қойнына тапсырды.

Оны жерлеуге кеткен шығынның есебі жазылған қағаздың (оның түпнұсқасы менде сақтаулы тұр) дәлме-дәл көшірмесі мынадай:

***1801 жылғы ақпанның он төрті күні қайтыс болған
Роберт Патерсонды жерлеуге жұмсалған қаражат:***

	Фунт	Шиллинг	Пенс
Табыт	0	12	0
Оны өңдеу үшін	0	2	8
Марқұмның жейдесі	0	5	6
Бір жұп қағаз шұлық	0	2	0
Ас бергендегі нан үшін	0	2	6
Ірімшік	0	3	0
Ромның бір пинті	0	4	6
Вискидің бір пинті	0	4	0
Энненге жіберілген хабаршы үшін	0	2	0
Көр қазушыға	0	1	0
Кебін	0	2	8
	2	1	10
Марқұмның жанынан табылған пұл	1	7	6
<i>Қалғаны</i>	0	14	4

Осы есеп-қисап жазылған бір парақ қағазға марқұмның баласы растап қол қойған.

Менің досым ауырып жатқандықтан әкесін көмуге Бенхилға бара алмады. Баласы әкесінің қандай қорымда жерленгенін де толық білмейді, мен сол үшін қатты өкінемін.

Мен оның басына кішкентай тас белгі қояйын деп, марқұмның қай жерде жерленгені жайлы қолымнан келгенінше сұрастырып бақтым. Алайда Қорымшы Шалдың өлгені туралы мәлімет осы төңіректегі шіркеу кітаптарының бірде-бірінде жазылмағандықтан, бар еңбегім зая кетті. Өзіне қарағанда қадір-қасиеті кемдеу талай адамның басына балғасымен, таскескішкімен белгі қоюға бар өмірін сарп еткен осындай тамаша адамның өлшеулі демі бітіп, бір уыс топырақ бұйырған жерінің қайда екендігі беймәлім боп қалады-ау деп мен қатты қиналамын.

Қорымшы Шалдың Роберт, Уолтер және Джон есімді үш ұлы болған; мұның алдыңғысы Балмакеллан қыстағында өте ауқатты тұратынын, ауыл арасында беделі мықты екенін айттым. Сол қыстақта осыдан бірнеше жыл бұрын қайтыс болған Уолтердің соңында қалған отбасы да бақуатты. Ал Джон болса, 1776 жылы Америкаға кетті; жолшыбай нешетүрлі тар жол тайғақ кешулерден өтіп, ақыр соңында Балтиморға тұрақтап қоныс тепті”.

Ел-жұрт *Нолд қарттың* өзі қылжақбастау адам еді деседі (капитан Ходжсонның естелігін қараңыз). Бұл жағынан алғанда Қорымшы Шалдың да соған ұқсайтын жерлері бар сықылды. Үндемес мырза сияқты, ол да өз өмірінде екі-ақ рет көңілденіпті. Айтпақшы, оның әзіл-қалжыны аза тұтқандай көңілсіз боп шығады екен және кейде өзіне таяқ болып тигенге ұқсайды. Оны төмендегі мына әңгімеден байқауға болады.

“Бір жолы Қорымшы Шал Гертондағы қорымда дағдылы шаруасымен айналысып, азап шеккендердің басына қойылған тас белгіні жөндеп жатса керек. Одан анадай жерде шіркеудің көрбаны да сондай бір шаруаны атқарып, яғни көр қазып жатыпты. Өз жұмысымен қызу шұғылданып жатқан шалдардың мазасын алып, бірнеше тентек бала ойнап жүріпті. Әсіресе, осы төңірекке аты жайылған Купер Климент дейтін шебердің бір-екі сотанақ немересі әбден еркінсіген ғой. О заманда Гертон мен оның айналасындағы жерлерде ағаш шөміш, астау, кесе, ожау, көзе, қасық, тұз бен нан салатын ыдыс және басқа да үй ішіне керек заттарды соғып, сатуға әлгі ұстанның ғана қақысы бар екен. Және бір айтары, Купер соққан ыдыс-аяқ аса сапалы болғанымен, оларға құйылған кез келген сұйық әуелі қызғылт түске боялып шыға келетін

болыпты. Дегенмен жаңадан жасалған ағаш ыдыс-аяқта мұндай нәрсе бола береді.

Әлгі ұстаның немерелері көрбаннан мола қазғанда шығатын ескі табыттарды қайда тастайтынын сұрапты. Сонда Қорымшы Шал оларға: “Пәлі, сендер оны білмейтін бе едіңдер, – депті. – Ау, ол деген қазып алған табыттарды сендердің ұста аталарыңа апарып сатады емес пе? Сендердің аталарың оның ағашынан қасық-пасық, нан-пан қоятын тақтай, құмыра, кесе, көзе соғады”. Бұл сөзден балалардың аза бойлары қаза болыпты. Олар әлгіндей ыдыстан қаншама тамақ ішкендерін жирене еске алыпты. Қорымшы Шалдың айтуынша, ондай қан толы ыдыстан тек қана мыстандар мен қансорғыштар ғана тамақ ішуге тиіс. Осы сөзді естіген балалар оны үйлеріне айтып барыпты, содан олар әлі ыдыс-аяқтардан тамақ ішуге жиіркеніп, оларды далаға лақтырған ғой. Бұл хабар жұрттың бәріне тез тараған. Купер Клименттің дәурені жүріп тұрған кездің өзінде оның құйылған сұйықтың қызғылт тартуынан күдік алып жүрген ел енді оның құпиясын тапқандай болыпты. Содан бастап Купердің заттары пәледей көрініпті де, бұл оның бақталастары – қыш шеберлерінің пайдасына шығыпты. Өрнектеп қасық пен аяқ-табақ жасаушы шебер шаруасының шатқаяқтай бастағанын көріп, ақыры табыттың ағашынан жасалған ыдыс-аяқтарыңды қайтып ал да, төлеген ақшамызды қайтып бер деп ашулы сатып алушылар қаптап келе бастағанда ғана бұл әңгіменің қайдан шыққанын біліпті. Содан күйі қашқан ұста Қорымшы Шалды сотқа тартып, өзінің қолданып жүрген тақтайлары соңғы кездері көбейіп кеткен ұры-қарылардан сатып алынған, шарап бөшкелерінің ағашы екенін сотта оп-оңай дәлелдеп шығыпты. Ол соққан ыдыс-аяққа құйылған сұйықтың қызғылт тартатыны сол шараптың әсері екен. Қорымшы Шал болса, табыттың тақтайлары туралы айтқанда тек мазасын алған балалардан тез құтылғысы келгенін, басқаша арам пиғылының болмағанын мәлімдепті. Қалай десек те, жақсы атақтан айырылу оп-оңай, ал оны қайтарып алу өте қиын. Сөйтіп Купер Клименттің шаруасы шайқала беріпті де ақыр аяғында ол қайыршы боп өліпті”.

I ТАРАУ

Беташар орнына

*Қаңырап қалған қорымда
Жүргені кезіп жән бе еді?
Табытты қозғау орын ба,
Аруақты қозғап көрдегі?*

Лэнгхорн

Мистер Петтисонның қолжазбасында айтылғандай, оқырманның көбі деревнядағы мектеп оқушыларының сабақтан кейін, жаздың тыныш бір кешінде көңілді ойынға басатынын талай бақылаған болар-ау. Әбден мезі қыларлықтай сабақ үстінде әрең тежеп отыратын балалықтың албырт арыны мұндайда асып төгіледі де көгалға жиналып топ-топқа бөлінген кішкентай сотанақтардың көңілді әніне, думанды дүрмегіне, қызу бәсекесіне ұласады. Осы сәтте оларға сырттай қарап тұрып, жайбарақаттанатын бір адам бар; дегенмен бөгде біреу оның ішкі сезімін ұқпауы да мүмкін және онысы оған ұнай қоюы да қиын. Мен бұл арада ауасы тар қапас класс бөлмесінде тынысы тарылып, үздіксіз дуылдаған балалардың у-шуынан миы ашып кеткеніне қарамастан, қалайда надандық пен қыңырлықты жеңуге, шәкірттерді еңбекке баулуға тырысқан, күні бойы жалғыз өзі шуылдақ топпен алысып біткен мұғалім жайында айтып отырмын. Оның күніне жүз мәрте қайталанып, мүлдем жаттанды болған нақұрыс сабақтан миы ашып, осы жағдайға әбден еті өліп кеткен. Осы бір іш пыстыратындай біркелкілікті бұзатын нәрсе жауап беруші балалардың әртүрлі айтылатын шатпақтары болатын. Тіпті онашада ойға

батқан шағында бұған соншама қатты әсер ететін бағзы замандардағы даналардың таңдаулы дүрмегі де қате жасап, сонысы үшін жазаланып, жылап жататын балалардың у-шуының қасында біртүрлі солғын тартатын. Сондықтан мұның қиялында Вергилийдің сұхбат жырлары мен Горацийдің мадақ жырлары қыңқылдап тұрған оқушының тұнжыраңқы кескін-келбетімен немесе мәнерлеп өлең оқуымен үйлесе кететін. Осындай жазғы ашық кештерде адамның жалғыз сейілдеп жүруі дене бітімі нәзіктеу келген, өзінің ақыл-ойын үнемі жаттықтырып бағатын, оқушыларды әбден мезі ететін азаптан гөрі, басқа бір асқақ қиялдарға шомуға бейім жаны бар жас адамның білім алам деп көп уақыт бойғы еңбегінен шаршаған жүйкесі мен сынып бара жатқан басына қандай шипа екендігін оқушы жұртшылық онша тереңінен түсіне де бермейді.

Онша бағы ашыла қоймаған мен үшін кешкі уақытта осылай сейілдеуден артық ештеңе де болмайтын. Адамды шаршататын күндізгі у-шудан, жұмыстан демалған дәл осындай сәттерде ғана мен жазатын кітабымның жоспарын жасайтынмын, әрі оныма тыптыныш бола қалған табиғат та жақсы әсер ететін. Менің талай түндерде көз шырымын алмай жазған шығармамды оқып, одан ләззат алған ниеті түзу оқушы бұл жағдайды бірден-ақ аңғарады.

Менің жақсы көріп, үнемі сейіл құратын жерім Гэндерклюдегі мектептің алдынан, “папоротниктері жайқалған алаңқайдан жыланша ирендеп ағып өтетін” кішкене ғана бұлақтың жағасы еді. Осы жолдың алғашқы бір-екі шақырымында ара-тұра қалың ойдан серпіліп, осы аралықта қыдырыстап жүрген, мені көрсе үрке қашатын, немесе бас киімдерін шешіп тұра қалатын, кейбірі мына кішкене бұлақтан аспанбалық пен әртүрлі ұсақ-түйекті аулап, кейбірі жағада өскен құрақ пен алуан түрлі гүлдерді жинап жүретін өз шәкірттеріммен амандасумен болам. Ал күн батқан соң менің балық аулаушы шәкірттерім онша батылданып әріге бара бермейді. Оның себебі – ені тар алаңқайдың жоғары жағында, бірден тік жарлана кететін, көкбұта қаптай өскен еңіс ойпатта ескі замандардан келе жатқан, адам көп бара бермейтін қорым бар. Іңір қараңғылығында кішкентай сужүректер ол жаққа аттап аяқ баспайды. Ал ол мекен мен үшін, керісінше, жердің таңғажайып жаннаты сықылды. Мен біраз уақыт бойы осы арада сейілдегенді өте жақсы көрдім және өзімнің мейірімді ақылшым әрі желеп-жебеушім берген уәдесінде тұрар болса, бұл (енді көп кешікпей)